



БҰЙРЫҚ

№ 354 от 30.10.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

«Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасы» ақпараттық жүйесін пилоттық енгізу туралы

«Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы №862 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі туралы ереженің 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 1 қарашадан бастап 2025 жылғы 31 қазанға дейінгі кезеңде автомобиль жолдарын орташа, күрделі жөндеу, реконструкциялау және салу жобаларында «Жол-құрылыс материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасы» ақпараттық жүйесін пилоттық енгізуді (бұдан әрі – Пилоттық енгізу) ұйымдастырсын.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Пилоттық енгізу алгоритмі бекітілсін.

3. «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы Пилоттық енгізуді іске асырудың үйлестірушісі болып белгіленсін.

4. Пилоттық енгізуді іске асырудың үйлестірушісі:

1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында Пилоттық енгізуді үйлестірсін;

2) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары Комитетіне Пилоттық енгізуді іске асыру барысы туралы ақпаратты тоқсанына бір рет ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және таратылуға жатады.

Министрдің міндетін

атқарушы

С. Аблалиев

Подписано

30.10.2024 08:44 Аблалиев С. А. ((и.о Карабаев М. К.))



КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ - САМАМБЕТОВ Н. Т.